



**Автор:** Тургаева Боранкуль Аскаровна  
**Предмет:** Қазақ тілі  
**Класс:** 8-сынып  
**Раздел:** Жаһандық энергетикалық дағдарыс  
**Тема:** Наурыз – Ұлыстың ұлы күні

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	Тыңдалым. Айтылым
Цели урока:	Т.8.1.4.1-орта көлемді шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау. А.8.2.1.1-тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып ауызша мәтін құрау; жазба жұмыстарында себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер құрастыру.
Языковые цели:	Пән лексикасы және терминология: Наурыз, жыл басы, жаңа күн, араздық, кешіру, игі тілектер Сөз тіркестері: Әз-Наурыз, Ұлыстың ұлы күні
Ожидаемый результат:	Оқушылардың барлығы: үзінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын анықтайды. Оқушылардың көпшілігі: мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды, диалогке қатысады. Оқушылардың кейбірі: себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер құрастырады.
Критерии успеха:	• Наурыз мейрамы туралы ақпаратты оқып, негізгі ойды анықтайды; • ақпараттардың себебін дәлелдеді; • себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс қолданды.
Привитие ценностей:	Ұлттық салт-дәстүрге құрметпен қарауға баулу.
Навыки использования ИКТ:	Аудиомәтін, видеоролик
Межпредметная связь:	тарих, өнер
Предыдущие знания:	Табиғат – тал бесігім

### Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока (5-7 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар берілген логикалық сұрақтар бойынша сабақтың тақырыбын болжайды. Ой шақыру: - қай күні оқуға баруға болмайды? (демалыс күні) - суреттен не көріп тұрсыздар? (табиғат) - көктемнің алғашқы айы? (Наурыз) - ұлдарды құттықтамайтын қандай мереке? (8 наурыз) - тек қана жеті түрлі тағамнан жасалатын ұлттық тағам (наурыз көже) - Қыдыр Ата қай мерекеде келеді? (Наурыз мерекесінде) Қалай ойлайсыздар сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? Неге? (өйткені наурыз туралы сұрақтар қойылды) Демек, сабағымыздың тақырыбы – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Оқу мақсатымен танысады. Наурыз мерекесі туралы білгендерін айту (ассоциация).	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока (25 минут)	<p><u>Тыңдалым. Айтылым. Наурыз мерекесінің шығу тарихымен танысу. Берілген тапсырманы орындау.</u></p> <p>Парсы патшасы уәзірлеріне өзінің тағын _____ жағына қояды талап етті. Күннің көзі _____ шағылысып жылу шашады. Содан бері _____ тойлай бастады. Наурыз мерекесі _____ мереке емес. Оны барлық халықтар тойлайды. Наурызда _____ мән берген. Халыққа наурыздың келгенін _____ хабардар еткен. Наурызда _____ теңеледі. Керекті сөздер: <i>Күннің көзі, Наурыз мерекесін, түркі, қобызбен, тағымен, діни, тазалыққа.</i></p> <p>Тірек сөздер арқылы үзіндінің мазмұнын түсіну, идеясын анықтау. «<i>Жылу шашады, барлық халықтар тойлайды, тазалыққа мән берген</i>» деген сөз тіркестерін қалай түсінуге болады? Тапсырма Дескриптор Балл</p> <p><b>Шығармадан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын түсіну, талдау.</b> Тірек сөздер арқылы үзіндіні түсінді. 1 Сұрақтар бойынша идеясын талдады. 1 Бірінші мақсатты орындадық. Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді өз беттерімен оқып шығып, таныс емес сөздерді анықтау, баламасы арқылы синонимдерін табу, дәптерлеріне жазу. Ұлыс – халық Әз – таза, қадірлі мәз болмау – қуану араздық – ұрысып қалу шаттық – қуаныш үндестік – сәйкесік құшақ жаю – құшақтасу 2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша жұппен «Мен саған, сен маған» сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Қандай? Қанша? Кімдер? Нені? Қалай? Дескриптор - тірек сөздерді қолданы-1б - сұрақ құрастырды, сұраққа жауап берді-2б Жазылым. «Фишбоун» әдісі арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну. Берілген жай сөйлемдерді себеп-салдар салаласқа айналдыр. Керекті жалғаулық шылаулар: себебі, сондықтан, сол себепті. Тапсырма Дескриптор Балл Мәтінге талдау жасау Мәтін бойынша тақырыпты анықтады. 1 Тақырып бойынша себептерін жазды. 1 Себептерін дәлелдеді. 1 Қорытынды шығарды. 1 Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырды. 1</p>	
Конец урока (5 минут)	<p>Қорытынды. Сұрақтарға жауап беру. • Наурыз деген сөз қандай мағынаны білдіреді? (жаңа күн) • Наурыз мерекесін не үшін тойлаймыз? (қыстан аман-есен шыққанымыз үшін, жаңа жылды қарсы алу үшін) • Бұл мерекеде адамдардың арасында араздық болса не істейді? (бір-бірін кешіреді, тілектер айтады)</p>	
Рефлексия (3 минут)	<p>Постер арқылы жүргізіледі. • Біздің сабағымыздың мақсаты қандай еді? • Сенің ойыңша, сабағымыздың мақсатына жеттік пе? (қалай? Неге?) • Сен үшін қандай тапсырма оңай болды? • Сен үшін қандай тапсырма қиын болды? • Саған не түсініксіз болды? Не себепті? Үйге тапсырма: Бүгінгі ашық сабақ жайлы әңгімелеп досына хат жазу.</p>	
Қысқа мерзімді жоспар	Наурыз - Ұлыстың Ұлы күні	